

«Күншуақ» ортаңғы тобының 2023-2024 оқу жылына арналған ата-анамен жұмыс жоспары

№	Өткізілетін шаралар	Мерзімі	Өтілу әдісі	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы. «Ортаңғы топ балаларының жас ерекшеліктеріне сипаттама»	Қыркүйек	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер Психолог
2	«Қош келдің,алтын күз!»	Қазан	Ертеңгілік	Тәрбиешілер Музыка жетекшісі
3	«Тұмаудан қалай сақтануға болады?» сауықтыру шаралары. «Балалардың сүйікті ойыншықтары мен ойындар».Жоба бойынша жұмыс	Қараша	Кеңес	Тәрбиешілер Медбике Тәрбиешілер Ата-аналар
4	«Жаңа жыл,жаңа жыл да жаңа жыр!» «Отбасындағы бала тәрбиесі» топтық ата-аналар жиналысы.	Желтоқсан	Ертеңгілік Түрлі кеңестер,ойын	Тәрбиешілер Музыка жетекшісі Тәрбиешілер
5	Топты ойыншықтармен жабдықтау.	Қаңтар	Кеңес, Қол еңбегі	Тәрбиешілер
6	Дамыту орталықтарын жабдықтау	Ақпан	Кеңес, Қол еңбегі	Тәрбиешілер
7	«Ана-өмірдің шырағы» «Наурыз келді алақай»	Наурыз	Ертеңгілік	Тәрбиешілер Музыка жетекшісі
8	«Денсалығымызды сақтайық» спорттық ойын -сауық.	Сәуір	Ойын сауық	Дене тәрбиесі маманы Тәрбиешілер
9	Қорытынды есеп беру.Ата-аналар жиналысы «Біз не үйрендік?»	Мамыр	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер

Методтүзгіші:  Методтүзгіші Т.Т.

№1 хаттамна

Ғаффаров - 15
Ғаффаров - 10

Ғаффаров

1. Ортадағы топ балаларының жас
ерекшеліктеріне сәйкестендірілген.

2. Студия іс-шаралары.

«Ғаффаров» тобы ата - аналарымен
сәтіндестірілген. Ақпараттық ақпарат
түрлеріне сәйкестендірілген. Жалпы
кеңес ата - аналар бір-бірімен
тәрбиеленген. Жалпы іс-шаралар.

Ортадағы топ балаларының жас
ерекшеліктеріне сәйкестендірілген.
Қызығушылығы. Т. Ж. сәтіндестірілген.

3. Жалпы балалар зейіні
түрлеріне, бір іс-шаралар 10-13 минут.

артың айкынспайды. Бүкіл жастар
балалар о "мектеп" бөлесін түрде
көрсете бастайды. Ойындар балалардың
түркілік, пайыз дауысшы күнел
етеді Бүкіл кезең балалардың зиянсыз
мен мағмысшы ерлері қызығыммен
мен өзіндікпен ерлерінен
3 пайыз балалардың оң - оң балалар
көтері деңгейде болады

Ата - аналармен ойын:

"Көзінен таппа"

Балалардың ағартушылық қарар
балалардың таппа, балалар істей - қызы
сепіткен береді.

Түркі мектептер байланыс тәрбиесі

Амикови. Не. Бүкіл сөз аудар.

Балалар кішіектәй 3 пайыз

Балаларға ұйымдастырылған оқу іс - шары

15 - 20 минуттағы және отырады.

базар тий, деге шонингму, сойлеуи
домингу, коркени дедилет, китепестини
онизилеги барини башкарунгу кес
ерекмелитерке батиккенте дейи
туринге. Башкарунгу башкарунгу
бейиндеги оне келди, адури оронни
дегилге онеги.
Казан калтму, музла, уйингестини
кен и.с. - Феврал артин онеги.

Буге келти уелити 8:00-ден
8:30 дейи келу, 18:30 дейи келу
уелити. Келу уелити.

Коба башкарунгу Ате - Анакорта
муркунгу келкестер келкестер.
Башкарунгу башкарунгу муркунгу.
Калтму келкестер башкарунгу
судитер башкарунгу келкестер бериле

N 2 Тамтаны

Барынз бала соми —

чи бала;

зоу бала;

хатурсага аме-ана: 10

хатурсага аме-ана: 15

Тавироба: "Отбасындагы бала тәрбияси"

Аме-аналар кичимисини кун
тәрбияси:

1. Достонг илгери

2. Теленге: "Аме-аналар бала-
багына кун бала тәрбияси рел"

3. Эр турки суреттер

4. Мезе-сон меридане дейондог

1. Достонг илгери: Аме-аналар орта
дөөлөтүн турун, бир-бирине эам тиле
тер тилеги

2. Турки меридане дейондог
түрүлөтүн айтаа айлаптуураа байлау
дөр. Аме-ана өз айлаптуураа
айлап түрүп айлаптуураа.

3. Эр турки суреттер: Трава багына
реленди тәрбияси 8 15 ке дейин ала
келу, келсе тәрбияси звенде эскерт
Трава багына айлаптуураа
малу. Себепи: Балабагындаа байлау.

Трава багына меридане дейондог
4. Мезе меридане дейондог
Эрменди түрүп айлаптуураа
22.12.2023 саят 9 30-д
Балетини турула

Менә колдун, меркени атаң отун
бүз козу дейсиздиге малың - деп сөз
алды Нурбаева. Туңуз арасы.
Назиевтер хөтмәтте, эн, ба
уярыткан советчилар. Ата - аналар
ортедун табә белгесин ертедиге
кеткан алысда, балалар күннектә
акаларын көрпә көмәлдә.
Ертедиге кеткан күннектә
сәләмәтләрең дәрдә ата - аналар
күрәтәдә.

№ 3 Көптәп

Көптәп : 8
Көптәп : 12

Күп түрү:

1. Көптәп есеп берү. Түз не үзүрү.
2. Биле баалам, илал түрү. Биле
(түрү, кимини, келү, себеп,
биле, үзүрү, кимини,
акмиса талы)
3. Милү аманда, мисалда
милү аман түрү. м. ? Көптәп.

1. Түз не үзүрү? - көп биле откө
себаптарда илал көсөп
биле өдөрү, үзүрү, себап-
тарин ате - аманда көсөп
түрү, илал, кимини.
Түрү, түрү, Түрү
Көптәп, көп, биле, себап
көптәп, илал, биле
көптәп, биле, көп
көптәп, биле, көп

менен тоғолоттерин, тил дилин
ушун озгонен утени арин, иетемени
каден 1 ден биа дейин сенюдди, кери
сенюдди, тусоверди атенгени,
улкин, килеи, укин, биеге, оз-сен,
сизерин мен уден сизинь,
тустерди окунгенин орнолестин
ошундерин бале лер коуца кр-
сете билди, оз кестерини сени.
Суретти балеу, урлик сезбен, кунне,
кесирин куннестерини айна-
анелер риза балди.

Мен кесирини даими кел кеткен
балдерде оздерини билкилини
кесирини себауца кеткени
Ато-анелерини риза сени.
1. Балелерди 8^{во} ден белдирини
Анна келу, или келакелу,
ертрек не себауца кел Анна кел
кин всерогу керек келакелу да
ескертилини айна

Ғажатпен белдирмеңіз өз
бастың менің ақылсызымды

2) Мамырға балаларға белдирмеңіз
Мамыр екенін түсіндіріңіз / Өзе
Ғажатпен қызықпен таныстырыңыз,
көптеген ұлттар туралы
Біріңіз, Ғажатпен қызық екенін, Расм
мерекесі екенін балаларға түсіндіріңіз
7 мамыр Отан Ғажатпен қызық
екенін, Ғажатпен мамыр екенін
түсіндіріңіз, 9 мамыр тәуелсіз қызық
Отанмен Ғажатпен ата-баба
мерекесі, Олардың біріңіз қызық
Ғажат балалармен таныстырыңыз
Олардың істерін біріңіз туралы
айтыңыз

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
№ 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК



«Қош келдің, алтын күз!» атты ертеңгілігі.
«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Тәрбиешілер: Көптілеуова Г.Ж.
Алимова Ж.Т.
Музыка жетекшісі: Байтина.Р.С.

Алтын күз

Жүргізуші:

Суретші бар бақтарды
Сары алтынға бояпты
Қанша жауын жауса да
Сары сыры кетпепті
Айтындаршы балалар
Кім суретші бұл бақта.

Балалар: Күз

Жүргізуші:

Ой, балалар, балалар
Қоңырқай күз болыпты
Гүл жапырақ солыпты
Ел егінін орыпты
Күз байлық береке
Алтын күз мереке!

Жүргізуші: Балалар, бізге күз мезгілінде нелер піседі?

Балалар: Жемістер мен көкөністер піседі.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, енді алтын күз туралы әнімізді шырқайық.

Ән: Жау жаңбыр!

Жүргізуші: Балалар, бізге біреу келе жатырған сияқты. Соған байланысты сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр, сендер шешіп көріңдерші. Мұқият тыңдаймыз.

Күнмен таласып тұрады
Ку-ка-ре-ку деп ән салады.
Маңдайында айдары
Шешуін кім табады. (әтеш)

Музыкамен әтеш кіреді.

Әтеш: Саламатсындар ма балалар! Барлығыңда қандай әсем, әдемі болып кеткенсіңдер! Керемет қой бұл! Йә, менде әдемі, әсеммін.

Шын ғой балалар!

Ән салыңдар күліңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер
Кел, күз тойын тойлайық
Би, билейік ойнайық

Кәне, балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр!

Ойын «Жемістерді, көкөністерді ажырату»

Әтеш: Балалар сендер ойынды жақсы ойнадыңдар. Ал, енді мен сендермен бірге би алып келдім. Билейміз бе?

Балалар: Әрине билейміз.

Жапырақтар биі

Әтеш: ой, балалар, рахмет сендерге!

Мен біраз тынығып алдым. Енді, достарыма барайын. Олаға сендердің қандай ақылды, тапқыр, көңілді екендеріңді айтайын. Сау болыңдар, балалар!

Балалар: Сау болыңыз!

Жүргізуші:

Алқаптағы бидайды,
Қоймаға ел жинайды.
Тырналары тізілген,
Ұнатамын күзді мен

-демекші Алтын күзді қарсы алайық.

Алтын күз:

Алтын түске бойалды,
Таумен қырға дала түз
Келдім міне ортаңа,
Менің атым-Алтын күз.

Жүргізуші: Қош келдің, Алтын күз! Төрлетіңіз!

Алтын күз: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Ия, мен алтын күзбін! Қараңдаршы айналаның бәрі алтын түске бояп қойдым.

Жүргізуші: Рахмет, Алтын күз! Біздің балалар жаз бойы бау-бақшада еңбектенді, Қараңыз, тыңдаңыз, қандай көкөніс пен жемістер жинаған. Өзіңізге арнаған.

Ән: Жомарт күз!

Жүргізуші: Алтын күз, сізбен ойын ойнағысы келіп тұр ойын «Жапырақтарды жинау».

Бәріміз полька биін билеп жіберейік.

Алтын күз: Жарайсыңдар, балалар! Мен енді сендермен ойын ойнағым келіп отыр. Кәне, бәріміз бірге ойнайық.

Ойын: Картоп егу.

Жүргізуші: Би биледік, ән шырқадық, Ойын да ойналды. Ал, енді Алтын күзім-ау сыйлығыңды біздер күтіп, аңсадық.

Алтын күз: Бүгінгі мерекелеріңіз маған ұнады. Барлығыңда өнерлі екенсіңдер! Сендерге әкелген сыйым бар.

Алтын күздің байлығы,

Сыйлығыңды шаш

-деп (үлкен себеттегі жапырақтың астынан балаларға өз жемістерін көрсетеді)

Жүргізуші: Рахмет, Алтын күз!

Алтын күз: Сау болыңдар балалар!

Жүргізуші: Балалар, осымен «Қош келдің, алтын күз!» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз!

Ақтөбе қаласының білім бөлімі

№ 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК



«Жаңа жыл, жаңа жыл да жаңа жыр!» атты ертеңгілігі.

«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Тәрбиешілер: Көптілеуова Г.Ж

Алимова Ж.

Музыка жетекшісі: Байтина Р.

Ақтөбе 2023 ж.

ал әдемі безендірілген, ортада ойыншықтар ілінген шырша тұр. Балалар көңілді әуенмен залға кіреді).

ЖҮРГІЗУШІ: Балалар, қарандаршы, қандай әдемі біздің залымыз, шыршамыз қандай сүйкімді, ойыншықтары жалт-жылт ойнап тұр! Ой, бізге қонақ келе жатқан сияқты, кім екен, мүмкін Аяз Ата?

(Көңілді әуенмен билеп түлкі келеді)

ТҮЛКІ: Ля-ля-ля, қандай әдемі шырша, бірақ шамдары жарқырамай тұр ғой!?
(шыршаны айналып жүреді)

(Бір кезде айқайлап қоян келеді)

ҚОЯН: Көмектесіндер, артымнан қасқыр қуып келе жатқан сияқты!

ТҮЛКІ: Қорықпа, қоян, демінді бас, қасқыр мында келмейді, себебі мында қарашы қаншама балалар, кел екеуіміз көңілімізді көтеріп, би билейік.

(Бір кезде қорапты көреді)

ТҮЛКІ: Қоянжан, қарашы, қорап тұр. Ішінде не бар екен, қарайық

ҚОЯН: Ия, ия, мүмкін сыйлық шығар, ашайық» (КОРАПТЫҢ ІШІНЕН САЙҚЫМАЗАҚ ШЫҒАДЫ)

САЙҚЫМАЗАҚ: Сәлеметсіздер ме, балалар?! Рахмет сіздерге мені қораптың ішінен босатқаныңыз үшін. Қораптың іші қап-қараңғы, ал мына жер әдемі, жарық! Балалар мен жалғыз келген жоқпын, қасымда достарым бар олар менің гномдарым, қазір біз өнерімізді көрсетеміз.

«Гномдар» бні

САЙҚЫМАЗАҚ: Балалар, ал неге сіздің шыршаңыз көңілсіз болып тұр?

ЖҮРГІЗУШІ: Бізге Аяз Ата мен Ақшақар келу керек, бірақ әлі жоқ, адасып жүрген шығар, бізді таба алмай?! (Аяз Атаның дауысы естіледі).

ҚОЯН: Қазір біз оларды тауып, ала келеміз. (Бәрі шыршаны айналып кетеді.)

ЖҮРГІЗУШІ: Қандай жақсы болды, достарымыздың болғаны!

(Көңілді әуенмен залға Аяз- Ата мен Ақшақар кіреді, артынан Қоян, Түлкі кіреді)

Аяз Ата: Сәлеметсіздер ме, кішкентай достарым! Қандай бүгін әдемісіңдер!

Ақшақар: Аяз Ата, қарашы шыршалары көңілсіз болып тұр, жарамайды. Ендеше шамы жағайық!

АҚШАҚАР: Қуант бізді, таңырқат!

дарынды жаркырат! -3 рет

ЖҮРГІЗУШІ: Балалар, қандай тамаша! Орнымыздан тұрып, шыршамызға ән арнайық!

«ШЫРША» әні

Сайқымазақ Фокус көрсетеді.

АҚШАҚАР: Аяз Ата,біздің ортамызда кішкентай шыршаларымыз бар. Олар да сіздерге өз өнерлерін көрсетеді.

«ШЫРША» биі.

Қыздарымыз шырша биін билейді.

Аяз Ата: Қандай тамаша биіңіз!

ЖҮРГІЗУШІ: Аяз ата балалармен бірге ойын ойнайсыз ба, қазір сізбен балалар ойын ойнап берсін .

«Ізде» ойыны

ЖҮРГІЗУШІ: Аяз ата біздің балаларымыз сізге арнап тақпақтар айтып береді.

Тақпақтар:

Айкөркем:

Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз Ата оралып.

Нұрасыл:

Тамаша сый алып

Келді аяз атамыз

Шаттанып ,қуанып

Шырқап ән-айтамыз.

Малика:

Снег идет,снег идет

Значит,скоро новый год

Дедушка Мороз придет,

АҚШАҚАР: Балалар, Аяз Ата туралы ән білесіңдер ме?!

Балалар: Ия

«Аяз Ата» әні

ЖҮРГІЗУШІ: Аяз Ата, біздің балалар сізге әндерін шырқады, тақпақтарын арнады, билерін биледі. Сіздің балалаларға сыйлықтарыңыз бар ма?!

Аяз Ата: Ия, әрине бар! ҚазірОй, кәрі басым- ай! Келе жатқанда жолда жоғалтып алдым- ау деймін, қолғабымды да жоғалтып алдым.

ҚОЯН: Аяз Ата, уайымдама, қазір біз тауып әкелеміз (шығып кетеді)

Түлкі: Таптық! Аяз- Ата таптық! Сенің қолғабыңды таптық, өзі үлкен екен!

Аяз Ата: Ой рахмет, достарым! Ал сыйлықтар қайда? Жок па?

ҚОЯН: Жоооқ!

Аяз Ата: Жаксы, қазір менің сиқырлы таяғым қайда екен, қазір (қолғапты сиқырлайды, ішінен сыйлықтары болады) Ақшақарым, қызым қарашы қолғапты, ішінде не бар екен?!

Ақшақар: Аяз Ата, балалардың сыйлықтары бар! (**Сыйлықтарды таратады**)

АЯЗ АТА: Алендеше мына сыйлықтарды балаларға таратыңдар!

(Сыйлық тарату)

АЯЗ АТА: Менің қоштасатын кез келді. Біздерді басқа да балабақшада балалар күтіп отыр, Орман достарым сендер де бізбен бірге жүріңіздер. Басқа балаларды қуантайық! Сау болыңыздар! (**Бір айналып кетеді**)

Жүргізуші:

Жаңа жылым жол болсын,

Басқан қадам оң болсын

Төрлет, төрлет жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын!

Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілігіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!

Ақтөбе қаласының білім бөлімі

№ 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК



«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Жоба тақырыбы: «Балалардың сүйікті ойыншықтары мен ойындары»

Тәрбиешілер: Көптілеуова Г.Ж.

Алимова Ж.Т.

Ақтөбе 2023-2024 оқу жылы

**Жоба: «Балалардың сүйікті ойыншықтары мен ойындары»
(Қысқа мерзімді)**

Мақсаты: Ортаңғы топ балаларының ойынға деген қызығушылығын арттыра отырып, жас ерекшеліктеріне байланысты бір-бірімен ойыншықтар мен ойындар арқылы қарым-қатынас жасау, балабақша және үйде әртүрлі әрекет түрлерін ойыншықтар мен түрлі ойындар арқылы ұйымдастыру балалардың әлеуметтік-адамгершілік қасиеттерін дамыту және қалыптастыру. Балабақша, бала және отбасы арасында тығыз бірлестікті ұйымдастыру.

Міндеттері: 1. Балалардың ойын ойнау және ойлау қабілеттерін дамыту.

2. Балалардың шығармашылық ойлауын белсендіру
ұсақ қол моторикасын дамыту, продуктивті әрекетін дамыту.

3. Сөйлеу дағдыларын белсендіру және дамыту, балалардың әңгіме құру дағдыларын жүзеге асыру.

Жобаға қатысушылар: Балалар, ата-аналар, ортаңғы топтың тәрбиешілері

Өткізілу уақыты: 2 ай (қараша, желтоқсан).

Жобаны жүзеге асыру қорытындысын болжау:

1. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын, қабілеттерін арттыру.

2 Сөйлеу, ойлау, әңгімелесу арқылы танымдық қабілеттері арқылы қорытынды жасай білу.

Жобаның негізгі өзектілігі: Ойыншық пен ойынға деген балалардың қызығушылықтары таным қабілеттері ойлау іс-әрекетін дамытады, ой өрісі толыққанды дамыған тұлғаның қалыптасуы болып табылады. Ойыншықтар, кимылды ойындар, дидактикалық ойындар, сюжетті-рольді ойындар түрлерін ажыратады. Жоба ортаңғы топ балаларымен жұмыс жасауға арналады.

Жоба бойынша балалар ой қорытындысын жасай білуге, нақты түйін жасауға үйретеді. Ізденіс танымы арқылы дами түседі.

Жоба балалар белсенділігінің екі түрін қамтиды:

1. Балалар белсенділігі

2. Үлкендердің ықпалымен пайда болатын белсенділік

1 кезең: Балалар, сендерге қандай ойыншықтар ұнайды?

Қандай ойындар ұнайды? деген сұрақтардан туындауы арқылы тәрбиешілердің «Балалардың сүйікті ойыншықтары мен ойындары» тақырыбында жобаны жүзеге асыруына бағыттады.

Жобаны асыру үшін бірнеше кезеңнен тұратын жұмыс жоспарланды:

- Балалармен әңгімелесіп, тақырып бойынша не қызықтыратынын анықтап білу.
- Ізденіс-танымдық іс-әрекеті ортасын құру.
- Ойындарды ойнау үшін қандай жұмыстар жасау керектігін түсіндіру.

2 кезең:

- Іс-шаралардың жоспарын құру
- Балалардың сұрақтарына жауап табуға көмектесу.
- «Балалардың сүйікті ойыншықтары мен ойындары» альбомын, ойыншықтар, дидактикалық ойындар материалдарын жинақтау.
- Танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3 кезең: Жоба әр балаға танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беріп, үлкендермен өзара ашық нақты іс-әрекеттестігін қамтамасыз етеді.

Р/с	Бағдарлама бөлімі. Жұмыс түрлері	Іс-әрекет түрлері
1	Әңгімелесу	Ойыншық түрлерімен және ойындар түрлерімен таныстыру
2	Такпақтар, әндер жаттау	«Менің ойыншықтарым»
3	Дидактикалық ойындар	«Жұбын тап» «Не артық?» «Кім немен қоректенеді?» «Үлкен-кіші»
4	Қимыл-қозғалыс ойындары	«Шарларды түстеріне қарай ажырат» «Кім жылдам?» «Түстеріне қарай ажырат» «Доппен ойындар»
5	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Ойыншықтар күні
6	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Жапсыру Сурет салу
7	Сюжетті-рольді ойындар	«Дүкенші» «Құрылысшылар»
8	Ата-аналармен іс әрекет	Түрлі ойыншықтар мен ойыншық құралдарын жинақтау.

4 кезең: «Балалардың сүйікті ойыншықтары мен ойындары» жобасына ойыншықтар түрлерін жинақтау.

5 кезең: Жаңа жобалардың тақырыптарын, міндеттерін анықтау.

1 Балалардың ойнау арқылы ойлау, қарым-қатынас, әңгімелесу ізденіс-әрекеттерін дамиды.

2 Өз бетімен немесе жұптасу арқылы ойынға деген қызығушылықтары іскерлігі, танымдылығы, тиянақтылығы, байқампаздығы ойлау қабілеттері дами түседі.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі

№ 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК



«Ана- өмірдің шырағы!» атты ертеңгілігі.

«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Тәрбиешілер: Көптілеуова Г.Ж.

Алимова Ж.Т.

Музыка жетекшісі: Байтина Р.С.

Ақтөбе 2024 ж.

Жүргізуші: Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймын мейраммен

Құрметті әже,аналар!

Қымбатты қонақтар «Күншуақ» ортаңғы тобының

«Аяулы - анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін! Кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы айнала қандай әдемі қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

Балалар енді аналарымыздың мерекесіне арнап **«Мерекеңмен анашым!»** әнін айтып бере қояйық!

Ән: «Мерекеңмен анашым!»

Балалар енді мамаларымызға арнап тақпақтарымызды айтып берейік

Нурасыл:

Жанымызды жайнатқан,

Сіздерсіз ғой аналар!

Зор денсаулық, молбақыт

Тілейміз біз балалар.

Аягөз

Анаң болса қасыңда

Басқа бақыт не керек

Аналардың жүрегі

Мейірімді ғой керемет

Раяна.Б

Әлпештеген, аялаған,
Ақ сүт берген маматайым
Сәлем жолдап бүгін саған
Мерекеңмен құттықтаймын

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Тыңдандаршы балалар ана жақта «**Мама, мама**» деген дауыс естіледі. Бұл не дыбыс? Кім екен мамасын жоғалтқан?

Залға қоян кіреді.

Қоян: Мама, мама! Мамамның артынан секіріп келе жатыредім. Адасып қалдым. Енді қайдан табамын? /жылайды/.

Жүргізуші: Қоянжан неге жылайсың жылама. Біз саған маманды тауып береміз. Балалар қоянжанның мамасын тапқанша сендер қоянның көңілін көтеру үшін ән айтып берейік.

Ән: «Мерекеңмен анашым!»

Қоянжанның көңіл күйі әлі жоқ. Ендеше көбелектеріміз би –билеп берсін.

Би: «Көбелектер»

Түлкі кіреді: Мен ешкімнен қорықпаймын. Мен бәрін де алдаймын. Қоянның қасына келіп: Қоян, сен неге жылайсың?

Қоян: Мен мамамды жоғалтып алдым.

Түлкі: Мамаң қандай?

Қоян: Менің мамам бәрінен де сұлу, әдемі.

Түлкі: Өтірік айтпа, менің мамам бәрінен әдемі. Ең әдемі менің мамам. (артына қарайды. Мамасы жоқ) Ой, менің мамам қайда? (Басын ұстайды). Мен мамамды жоғалттым. (Екеуі жылайды.)

Жүргізуші: Екеуін де жыламаңдар сендердің мамаларын әдемі сұлу. Мамаларыңды тапқанша біздің балалармен көңілдерінді көтеріп ойын ойнап алыңдар.

Ойын: «Аналарға көмектес».

Балалар екі қатар болып жарысады, көп терген команда жеңіске жетеді.

Аюкеледі: Бұл не шу, ұйқымнан ояттыңдар ғой.

Жүргізуші: Аюжан ренжемеші мында қоян мен түлкі мамаларынан адасып қалыпты. Олар жылай береді. Біздің балалар көңілдерін көтеру үшін би билеп берген болатын.

Аю: Ааааа. Ал, мамаларың қандай еді?

Екеуі: Сұп – сұлу, әп - әдемі!

Аю: Жок, жоқ, жоқ, менің мамам әдемі.

«Жок, менің мамам әдемі», - деп үшеуі дауласады.

Жүргізуші: Қәне дауласпаймыз. Бәріңнінде мамаларың әдемі, сұлу.

Қарандаршы сендердің жылағандарыңды көріп біздің балалар сендерге арнап би-билеп, тақпақ айтып бермекші.

Би: «Полька»

Жүргізуші: Балалар енді мамаларымыз бен әжелерімізге арнап тақпақтарымызды айтып берейік

Айда

Әжетайым, әжетай
Сізді жақсы көреміз.
Сізге өлең – тақпақты
Жатқа айтып береміз.

Темірлан

Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді.

Енді әжелерімізге арнап «**Әжемнің шәйі**» әнін орындап берейік.

Осы кезде Ару көктем келеді.

Ару көктем: Саламатсыздарма, балалар!

Мен көгілдір көктеммін
Былтыр келіп кеткенмін
Түбіне тал еккенмін
Құстар әнін ала келдім
Жерге кілем жаба келдім.

Ой, менің ормандағы достарым осында екен ғой.

Токтаңыз көктем, біздің балалар 8-наурыз аналар мерекесін тойлап жатырмыз. Біздің балалардың сізге арнаған тақпағы мен әндері де бар, тамашалаңыз.

Айкүнім

Жыршы құстар көп келді
Гүлдер жапты бөктерді
Кел, балалар әнменен
Қарсы алайық көктемді.

Алихан:

Балдай тәтті баламыз
Ақылдымыз данамыз
Аналардың мейрамын
Бірге қарсы аламыз

Жүргізуші: Балалар енді Ару көктемге «**Көктем келді**» әнін орындап берейік.

Ән: «Көктем келді».

Ару көктем: Рахмет балалар көңілімді көтердіңдер. Мен сендерге өзімнің сыйлығымды ала келдім. Енді мен достарымды Түлкіжан, Аюжан, Қоянжанды мамаларына апарайын. Сау болыңдар, балалар!

Жүргізуші: Кейде осындай айтқанды тыңдамай, мамасына адасып кететін балалар кездеседі. Бірақ, біздің арамызда ондай бала жоқ. Біздің балалар мамаларының айтқанын тыңдайды, сыйлап, құрметтеп жүреді. Бірақ балалар біздің балалар тәртіпті!

Біз ғана емес қадыр тұтқан бабалар
Аналардан туған небір даналар
Ана деген тіршіліктің тірегі
Мерекеңмен қасиетті аналар

-дей келе бүгінгі мерекемен тағы да құттықтап ертеңгілігімізді аяқтаймыз!
Сау болыңыздар!



Ақтөбе қаласының білім бөлімі
№ 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Наурыз келді алақай!» атты ертеңгілігі.
«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Тәрбиешілер: Көптілеуова Г.Ж.
Алимова Ж.Т.
Музыка жетекшісі: Байтина Р.С.

Ақтөбе 2024 ж.

Зал әдемі безендірілген, Балалар көңілді әуенмен залға кіріп орындарына отырады.

Бастаушы: Балалар бүгін Наурыз мерекесі, біздің жаңа жылымыз, тіршілік оянады. Малдар төлдейді, кішілер үлкендерді мерекемен құттықтайды, бүгін біздер әжемізге барып, мерекемен құттықтаймыз!

(көңілді әуенмен залды айналып киіз үйге жақындайды)

Әже: -Менің балаларым келіп қалыпты, Айналайындарым, келіңіз, төрлетіңіз.

Бастаушы: -Әже, біздердің балаларымыз сіздерді мерекемен құттықтағысы келеді, сізге арнап шағын концерт дайындапты.

Әже: - Рахмет жандарым, онда демалып сіздердің өнерлеріңізді тамашалайын.

Жүргізуші: Балалар қарандаршы, қандай әдемі әженің киіз үйі, көрпелерінің ою – өрнектері, ал сандығы қандай сүйкімді.

Әже: бұл сандығымыз, сиқырлы сандық, ішінде не бар екенін білгіңіз келеме?

Балалар: - ия

Әже: Ендеше сандығымызды сиқыр сөзімен ашылады. Сиқырлы сандығым ашыла ғой, ішінде не бар екенін көрсете ғой(ішінен қызғалдақ гүлі шығарады)

Жүргізуші:- Балалар бұл көктемнің керемет алғашқы гүлі, ендеше әжемізге көктем туралы әнімізді орындап берейік. **Көктем әні**

Әже: қандай тамаша, керемет ән, рахмет балаларым

Жүргізуші: - Әже сандығында тағы не бар екен?

Әже: Қазір ашып көрейін, сиқырлы сандығым ашыла ғой, ішінде не бар екен көрсете ғой.(кішкентай теменет шығарады)

Әже:-Осындай текеметті армандап жүрмін

Жүргізуші:-Әже, біздің қыздарымыз сізге өздері текемет тоқып береді. **Текемет биі**

Әже: - Рахмет күндерім, текеметтерінің өте әдемі екен, өздерінің сияқты әдемі екен. Қонақтарды қарсы алып, осы текеметке отырғазым. Ал тағы да сандығымызды ашайын ба?

Балалар: - ия

Әже:- сиқырлы сандығым ашыла ғой, ішінде не бар екенін көрсете ғой(асық шығарады) ойын «Асық жинау»

Әже:- қандай шапшаң балалар екенсіңдер, жарайсыңдар! Есіме Наурызда тойлаған мерекеміз түсіп кетті ғой.

Жүргізуші: Балалар әжемізге Наурыз туралы әнімізді орындап берейік. «Наурыз той» әні

Әже: өте тамаша ән екен, көңілім көтеріліп қалды ғой, рахмет балаларым.

Жүргізуші:- Әже сіз балаларымызға қазақтың дәстүрін көрсетіп бересіз бе?

Әже: - Әрине көрсетем, қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі бесікке салуды сіздерге көрсетем. «Бесікке салу» дәстүрі

Жүргізуші: -Көрдіңіздерме балалар, қандай әдемі дәстүр. Кішкентай сәби тыныш, таза болып жатады.Балалар әжемізге рахмет айтып

«Әжемнің шайы»-әні

Әже: - қандай керемет, өте тамаша мереке болды, енді мен балаларыма бата берейін.

Бата айтылады

Жолдарыңыз жеңіл болсын деп, баларыма дайындаған бауырсағым мен Наурыз көжемнен ауыс тиіңіздер.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі

№ 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК



«Денсаулығымызды сақтайық» спорттық ойын-сауық

«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Тәрбиешілер: Көптілеуова Г.Ж.

Алимова Ж.Т

Дене шынықтыру жетекшісі: Зимханова А.С

Ақтөбе 2024 ж.

Жүргізуші: Қадірлі қонақтар, жарқын болашаққа кең қадам басқан бүлдіршіндер «Денсаулығымызды сақтайық» атты спорттық ойын сауығына қош келдіңіздер.

Сәлем сөз анасы демекші ал балалар алдымен алтын күнмен ашық аспанмен және қонақтарымызбен амандасайық

Сәлем бердік алтын күн

Сәлем бердік ашық аспан

Сәлем бердік жер ана

Сәлем бердік баршана

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Далада күн суық па, жылы ма?

Ал біз далаға серуенге шығайық....

Бір кезде Қоянды қарны ашып жүрген Қасқыр көріп оны жемекші болады. Қасқыр қоянды ұстап алмақшы болады. Қасқыр қоянды ұстап алып енді жей бергенде, балалар оны көріп Қасқырға жеуге болмайтынын ескертеді.

Жүргізуші:

Қасқыр сенің бұның дұрыс болмады ғой. Неге қоянды жейін деп жатырсың? Сен оны жеп қойсаң қоянның балаларын кім қарайды. Олар жылап қалады ғой. Көжектер анасыз қалай өмір сүреді? Оданда сен қоянмен достас, жарайма?

Қасқыр:

Жарайды, кешіріңдерші менікі дұрыс болмапты. Қыс мезгілінде тамақ табу өте қиын. Бүгін қарным қатты ашып сосын қоянның кетіп бара жатқанын көрдім. Ұстап алып қарнымды тойғызып алайын деген едім. Бірақ балалар сендерге үлкен рахмет маған көп көмектестіңдер. Егер мен сендер болмағанда қоянды жеп қоятын едім. Ал мен оны жеп қойсам көжектер анасыз қалар еді, мен ол жағын ойламапын. Мені кешіріңдерші.

Жүргізуші:

Жарайды сен өз қателігіңді мойындап тұрсың, қалай ойлайсыңдар балалар қасқырдың ісі дұрыспа? Қасқырды кешіреміз бе?

Жүргізуші: Қоян мен Қасқырға айтарымыз енді достықтарың ешқашан ажырамасын.

Қасқыр: Рахмет, балалар. ...

Қасқыр балалармен қоштасып кетіп қалады.

Қоян: Балалар сендерге үлкен рахмет, маған көп жақсылық жасадыңдар. Сендерге алғысымды айтам. Балалар сендер далада не істеп жүрсіңдер?

Балалар: «Қыс қызығы тамаша» атты ойын ойнайық деп жатырмыз.

Қоян: Балалар менде көп ойындар білем. Сендермен бірге ойнасам болама? Менің себетімде көжектеріме ойнасын деп алған шарларым бар. Осы шарлармен ойын ойнайық.

Бір кезде себеттегі шарларын шашып алады.

-Қане,балалар, маған көмектесіңізші, тез тез шарларды жинап беріңізші.

1. «Тез жина» ойыны.

Балалар себетке шашылып қалған шарларды жинайды.

2. «Көздеп ат» ойыны

Балалар құрсауға шарларды көздеп атып тигізу керек.

«Ақ қарды алайық, алақанда домалатайық

Қолдарымыз жылынуы үшін оларды бірге лақтырайық»

3. «Қояндар» ойыны.

Балалар бір-бірден шығып, қоянша секіре отырып (екі аяқ бірге, екі қол бірге кеуде тұсында,) сәбіз жинайды, қоратшада салынған сәбіздер тұрады . Осы сәбіздерден бір-бірден қайтадан қоянша секіре отырып, кейін қайтады.

4. «Қоянға көмек көрсетеміз» ойыны.

- Қоянға көмектесейік, сәбіздерді қоянның уйіне машинамен тасып берейік.

-Қоян, біздің балалар Ақ қояным дейтін ойын ойнағысы келіп тұр. Ойнайсын ба?

«Ақ қояным тұршы бетінді жушы шашынды тарашы айнаға карашы сосын бізді кушы»....

Қоян:

Балалар, жарайсыңдар! Өте жақсы ойнайды екенсіңдер. Маған қатты ұнады. Маған қайтатын уақыт болды. Ендеше мен орманға қайтайын.мен сендермен қоштасамын.. Қош, сау болыңыздар!

-Сау бол, Қоян.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар, біз орманға келіп қоянға көмектестік, балабақшамызға барайық.

Осымен «Денсаулығымызды сақтайық» атты қысқы ойын сауығымыз аяқталды.

Жарқын, шаттық заман болсын,

Бүлдіршіндер аман болсын.

Сыйластық пен бірлік болып,

Әрқашан орта толсын